KOZYBAYEV UNIVERSITY

ПАРАСАТ

№1(16), 15.01.2023

1996 ЖЫЛДЫҢ 22 НАУРЫЗЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ИЗДАЁТСЯ С 22 МАРТА 1996 ГОДА

ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНА МЕМЛЕКЕТТІК МӘРТЕБЕСІ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Қазақстанның Ұлттық ғылым академиясы жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын коммерциялық емес акционерлік қоғамға айналады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі тиісті қаулыны қабылдады.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы» КЕАҚ қызметіне:

- әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарына сәйкес ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметтің басым бағыттарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы стратегиялық, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын айқындау жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу;
- ғылым жөніндегі жыл сайынғы ұлттық баяндаманы дайындауды және басып шығаруды үйлестіру;
- ғылымды дамыту бойынша форсайттық зерттеулерді дайындауды және жүргізуді үйлестіру;
- ғылым саласында атаулы сыйлықтар мен стипендиялар алуға конкурстар өткізу;
- ғылым мен техниканың әртүрлі салаларында ғылыми зерттеулер жүргізу;
- ғылыми журналдар шығару, халықаралық ғылыми және ғылыми-техникалық ынтымақтастықты дамытуға қатысу;
- ғылымды танымал етуге қатысу және т.б. кіреді.

ҚР ҰҒА жұмысын қаржыландыру республикалық бюджеттен бөлінген бюджет қаражаты есебінен жүреді.

Еске сала кетейік, 2022 жылғы 1 маусымда Қазақстанның Ұлттық ғылым академиясының мерейтойлық сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бюджеттен қаржы бөліп, мемлекеттік мәртебе бере отырып, Академияның рөлін арттыруды тапсырған болатын.

Академиктердің ұсынысы бойынша Үкімет ҰҒА-ны трансформациялау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрды. Оның негізгі міндеті Академия қызметінің негізгі бағыттары бойынша бірыңғай ұстанымды қалыптастыру болды.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы.

Президент тапсырды – Үкімет іске асырды: 2023 жыл отандастарымыздың өміріне қандай жаңалық әкеледі

Ғылым мен жоғары білім беруді дамыту

Еліміздің жоғары оқу орындары шәкірттерінің стипендияларын арттыру бойынша жұмыс жалғасады.

Биыл студенттердің стипендиялары 20%-ға, ал магистранттар мен докторанттардың стипендиялары 2020 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда 15%-ға өседі.

Бұдан басқа, мемлекеттік білім беру гранттарының санын 10%-ға ұлғайту жоспарланған.

Зерттеу экожүйесін қалыптастыру және инновациялық технологияларды дамыту шеңберінде отандық жоғары оқу орындарын зерттеу жоғары оқу орындарына трансформациялау процесі жалғасады.

Бірінші жартыжылдықта мемлекеттік тапсырыс шеңберінде 5500 орындық 9 студенттік жатақхананы пайдалануға беру жоспарлануда. Бұған қоса, жатақханаларды қайта жөндеу және салу ісі МЖӘ тетігі бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте ЖОО-лар жатақханаларда орындардың қажетті саны болған жағдайда ғана қосымша мамандықтар аша алатын болады.

Ғалымдарды ынталандыру және көтермелеу үшін 2000 АЕК мөлшерінде 50 «Үздік ғылыми қызметкер» сыйлығын табыстау тәжірибесі жалғасады. Ғылым мен техниканың дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдарды мемлекеттік ғылыми стипендиялармен

(Соңы 2-бетте).

Президент тапсырды – Үкімет іске асырды: 2023 жыл отандастарымыздың өміріне қандай жаңалық әкеледі

(Басы 1-бетте).

және сыйлықтармен көтермелейді.

Сонымен қатар қазақстандық жоғары білім беруді интернационалдандыру бойынша жұмыстар одан әрі жүргізіледі.

Биыл отандық жоғары оқу орындарының бірінің базасында британдық Heriot-Watt University және түріктің Hacettepe University филиалдарын ашуды қарау жоспарланған.

Республиканың жаңа өңірлерінде ғылым мен жоғары білім беруді дамытуға да ерекше назар аударылатын болады. Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында Жезқазғанда техникалық университет ашу және Қонаев қаласында инновациялық орталығы бар академиялық қалашық құру мәселелері пысықталатын болады.

Білім беру

Алдымен қазақстандық ата-аналарды толғандырып отырған білім саласына тоқталуға болады.

Жыл басынан бері республикада 37,7 мың балаға арналған 453 балабақша ашылды, нәтижесінде 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі біліммен қамту үлесі 98,4%-ға жетті.

Сонымен қатар, 10 желтоқсандағы жағдай бойынша, 106 мың оқушыға арналған жаңа 201 мектеп ашылды.

Биыл Президенттің тапсырмасы бойынша «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қабылданды. Оның аясында 2025 жылға дейін 842 мың балаға арналған мүлдем жаңа форматтағы 400-ден астам мектеп салу жоспарланып отыр, олар қажетті оқу жабдықтарымен, пән кабинеттерімен, компьютерлік сыныптармен, зертханалармен және шеберханалармен, бейнебақылау және дыбыстық ескерту жүйелерімен, балаларға арналған жеке шкафтармен және т.б. толықтай жабдықталады.

Мұндай мектептер бірыңғай стандарт бойынша салынады. Жайлы мектептерде ерекше білім алуға қажеттілігі бар балаларға жағдай жасалмақ.

Ұлттық жобаның арқасында орын тапшылығын болдырмау, апатты және үш ауысыммен оқытатын мектептерді жою жоспарланып отыр. Сонымен қатар мұғалімдерді даярлау және біліктілігін арттыру жұмыстары жалғасады.

Жалпы 2026 жылға қарай 100 мыңға жуық маман даярланады деп күтілуде.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы.

Жетекші жоғары оқу орындарын дамыту және жатақханалар салу және инновацияларды қолдау басты назарда тұр

ҚР Премьер-Министрі ғылым және жоғары білім саласындағы жаңа шараларды қолдады.

Үкіметте ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте ғылым мен жоғары білім беруді дамытудың өзекті мәселелері қаралды.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек қазіргі уақытта студенттер үшін жатақханалармен қамтамасыз ету жұмыстары жүріп жатқанын баяндады.

Бұл ретте өңірлерде, атап айтқанда, Астана, Алматы, Қарағанды және Түркістан облыстарында жаңа жатақханалар салу үшін құрылыс салушылармен және әлеуетті инвесторлармен жұмысты күшейту, сондай-ақ мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетігін жетілдіруді жалғастыру жоспарлануда.

Бұдан басқа, жекелеген әлеуметтік осал топтардың арасынан ауылдық жерлерден келген студенттерді жатын орындармен қамтамасыз ету үшін жаңа тетікті қолдану, атап айтқанда, жатақхана иелеріне операциялық шығындарды өтеу ұсынылады.

Премьер-Министр осы тәсілдерді қолдап, бұл механизмді колледж студенттеріне де қолдануды мақұлдады.

Сондай-ақ кеңесте жоғары оқу орындарының инфрақұрылымын дамыту, атап айтқанда, ЕҰУ және ҚазҰУ қалашықтарын салу мәселесі қаралды. Бұл бағытта барлық қажетті коммуникацияларды жеткізе отырып, жер учаскелерін бөлу пысықталатыны атап өтілді.

«Бұл – ең маңызды мәселелердің бірі. Қазақстанның

(Соңы 3-бетте).

Жетекші жоғары оқу орындарын дамыту және жатақханалар салу және инновацияларды қолдау басты назарда тұр

(Басы 2-бетте).

жетекші жоғары оқу орындарында білім алуға деген сұраныс тұрақты артып келеді, сондықтан қосымша корпустар мен жатақханалар салу мүмкіндіктерін табу қажет. Бұл мәселелерді Астана және Алматы әкімдіктерімен бірлесіп пысықтау керек», - деді Әлихан Смайылов.

Сондай-ақ Премьер-Министр 2023 жылы үш отандық жоғары оқу орнының базасында академиялық артықшылық орталықтарын құру жөніндегі пилоттық жобаның іске қосылуын қолдады. Оның аясында таңдалып алынған оқу орындарында қосымша құрал-жабдықтар пайда болады, Зерттеу университетінің моделіне көшу және жаңа оқу бағдарламаларын іске қосу басталады.

«Адами капиталды дамыту, жастарға білім беру үшін инвестициялар тарту біздің алдымыздағы ең басым бағыттардың бірі болып табылады. Сондықтан жобаны республиканың басқа жоғары оқу орындарына одан әрі кеңейту мүмкіндігін пысықтай отырып, іске асыру қажет», - деп атап өтті Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар Премьер-Министр өңірлік экономиканың негізгі проблемаларын шешу үшін облыс әкімдіктеріне ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТКЖ) қаржыландыру бойынша қосымша бюджеттік мүмкіндіктер беруді мақұлдады. Бұл жергілікті жерлерде инновациялық белсенділікті ынталандыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте ол жер қойнауын пайдаланушылар ҒЗТКЖ жүргізуге өтінім қалдыра алатын бірыңғай цифрлық портал құруды бақылауда ұстау қажет екенін айтты.

Сондай-ақ кеңесте Мемлекет басшысының Сайлауалды бағдарламасы, Қазақстан халқына Жолдауы және Үкіметтің кеңейтілген отырыстары шеңберінде қойған міндеттерін ескере отырып, Ғылым және жоғары білім министрлігінің салалық тұжырымдамалары мен даму жоспарын әзірлеу мәселелері қаралды.

Сонымен қатар салалық жоғары оқу орындары мен ҒЗИ-ді басқару ісіне Ғылым және жоғары білім министрлігінің қатысу деңгейін арттыру, жоғары ғылыми-техникалық комиссияның қызметі, «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын әзірлеу және тағы басқа мәселелер талқыланды.

Кеңес қорытындысы бойынша қабылданған шешімдер кадрларды даярлау, жоғары білім беруді жаңғырту саласын дамытуға, жалпы қазақстандық ғылымның танымалдығы, тартымдылығы мен беделіне жақсы серпін береді.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы.

KU жаңалықтарын ku.edu.kz сайтында бірінші болып оқыңыз

2023 жылы жоғары білім мен ғылым қалай дамиды: ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы

Біз үшін отандық ғылым мен жоғары білімді жүйелі деңгейде дамытудың маңызы өте зор: ғалымдар мен педагогтардың жалақысын арттыру, беделді шетелдік университеттердің филиалдарын ашу, жатақхана орындарымен қамтамасыз ету, жоғары оқу орындарының инфрақұрылымын жетілдіру, өз кадрларымызды дайындау және т.б.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында өзекті мәселелер, 2023 жылға арналған жоспар талқыланды.

Кейбір мәселелерге қысқаша тоқталып өтейін:

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жоғары

(Соңы 4-бетте).

(Басы 3-бетте).

2023 жылы жоғары білім мен ғылым қалай дамиды: ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы

толық қаржыландыру енгізілді.

Биыл қолданбалы ғылымды қаржыландыру көлемін кезең-кезеңмен ұлғайту көзделген. Оның ішінде бизнеспен ғылыми зерттеулерді бірлесе қаржыландыру есебінен мамандандырылған инжинирингтік орталықтар, жетекші жоғары оқу орындары мен ірі кәсіпорындардың жанындағы ғылыми-технологиялық парктер дамитын болады.

Ғылымды тиімді дамыту үшін мүдделі тараптардың бәрі, оның ішінде бизнес те барынша жұмылдырылатын болады. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша

білімнің қолжетімді әрі сапалы болуы жолында жұмыс істейміз. Ол үшін гранттар санын, педагогтердің жалақысын, студенттердің стипендиясын арттырамыз.

Сол сияқты ЖОО-да оқу ақысына жеңілдікті несиелер беру, студенттердің әлемдік цифрлық кітапханаларға тегін қолжетімділігін қамтамасыз ету және т.б. мәселелер пысықталу үстінде.

Беделді шетелдік университеттердің 5-ке тарта филиалын, оның ішінде техникалық бағыттағы ЖОО-ның екі филиалын ашу жоспарланып отыр.

Сондай-ақ ЖОО-ларды заманауи

бизнестің ғылымды дамытуға араласуын ынталандыру мақсатында жеке инвестициялар үшін қосымша салық және инвестициялық преференциялар енгізілетін болады.

Алтай Сейдірұлы КӨЛГІНОВ,
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары.

зертханалармен қамтамасыз ету, кітапхана қорларын жаңарту, педагогтердің біліктілігін арттыру қажет. Бұл жоспарларды орындау үшін академиялық шеберлік орталықтарын ашу мақсатында 20 жоғары оқу орны таңдалды.

Аталмыш орталықтар 2023 жылы үш университетте ашылады.

Ғылымға қолдау көрсету бойынша – қаржыландыру көлемі 70%-ға ұлғайды, ғалымдардың жалақысы 2 есеге артты, жас ғалымдарға мыңнан астам грант бөлінді, Ұлттық ғылым академиясына мемлекеттік статус берілді, 11 ғылыми-зерттеу институтын тікелей

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІНІҢ КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

2023 жылдың 6 қаңтарында Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ базасында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кеңейтілген алқа отырысы өтті.

Іс-шараға ҚР Премьер-министрінің орынбасары Алтай Көлгінов, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, ҚР Президенті Әкімшілігі және ҚР Парламентінің өкілдері, ЖОО ректорлары, ҒЗИ мен министрліктің ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшылары, сондай-ақ қоғам қайраткерлері қатысты.

Министр Саясат Нұрбек 2022 жылды қорытындылай келе, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасы аясында 2023 жылға арналған міндеттерді таныстырды.

«Мемлекет басшысы өзінің сайлауалды тұғырнамасы аясында жоғары білім саласын дамыту бойынша бірқатар тапсырмалар берді.

Біріншіден, студенттердің стипендиясын 2025 жылға дейін 2 есеге арттыру жоспарланған.

Екіншіден, барлық студенттерге әлемдік цифрлық кітапханаларды тегін пайдалануын қамтамасыз ету.

Үшіншіден, студенттік жатақханаларда орын тапшылығы мәселесін шешу.

2023 жылы ЖОО басшыларымен бірлесіп осы міндеттерді іске асыру бойынша жұмыстар басталады және жалғастырылады», - деді Саясат Нұрбек.

Сондай-ақ, министр өз сөзінде министрліктің даму стратегиясына негіз болған жоғары білім берудің басым міндеттерін атап өтті.

«Жоғары білімнің қолжетімдігі үшін гранттарды 2025 жылға дейін жыл сайын 5000-ға ұлғайту көзделген. Шәкіртақы мөлшері бойынша да осындай динамика болады. Еңбек нарығы қазірдің өзінде сұранысқа ие болу үшін тек бір саладағы білімнің жеткіліксіз екенін көрсетіп отыр. Ол үшін кадрларды даярлауда пәнаралық тәсіл принципі көбірек қолданылуда.

Студенттер контингентінің жыл сайын ұлғаюы жоғары оқу орындары арасында бәсекелестікті арттырады және білім беру бағдарламаларының алуантүрлігіне әкеледі.

Еңбек және білім нарығын үндестіру үшін біз жоғары оқу орындарының ОПҚ арасында форсайт-сессия және өңірлік нарықты талдау негізінде кәсіптердің өңірлік карталарын әзірлеу бойынша жұмысты бастадық», - деп атап өтті ведомство басшысы.

Өз сөзінде Саясат Нұрбек Мемлекет басшысының тапсырмалары аясында жаңадан «Ғылым және технологиялық саясат туралы» ҚР Заңы әзірленетінін, ол ғылым саласындағы жаңа бағытқа көшуге негіз болатынын және сол арқылы ғылым мен технологияның тың моделін енгізу қамтамасыз етілетінін атап өтті.

Сонымен қатар ведомство басшысы министрліктің маңызды бағыттарының бірі – тіл саясаты бойынша 2022 жылды қорытындылады.

Министрдің айтуынша, ЖОО мен ТжКБ үшін қазақ тіліндегі 20 атаудағы оқулық шығарылды.

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай 63 іс-шара өткізілді. Сонымен қатар, Үкімет қаулысымен «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін», «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгілері бекітілді.

Алқа отырысының қорытындысы бойынша ҚР Премьер-министрінің орынбасары Алтай Көлгінов ғылымды, жоғары білім беруді және тіл саясатын дамыту саласында бірқатар нақты тапсырмалар берді.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі.



ЖАСТАРДЫ ҚАНДАЙ МӘСЕЛЕЛЕР ТОЛҒАНДЫРАДЫ?

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде «Журналистика және репортер ісі» білім беру бағдарламалары тобы бойынша оқып жүрген 2-курс студенттері «Жастарды қандай мәселелер толғандырады?» деген тақырыптағы пікір-тұжырымдарын ортаға салды.

Филология ғылымдарының кандидаты (PhD), доцент (Associate Professor) Мырзантай Қожабайұлы ЖАҚЫП жүргізетін «Жастар бұқаралық ақпарат құралдарындағы білім берудің стратегиялары мен технологиялары» пәні бойынша жазылған Қозыбаев университетінің «Журналистика» кафедрасы 2-курс студенттерінің жұмыстарын «Парасат» газеті оқырмандарының назарына ұсынып отырмыз.

Ақжүніс МҰХАТАЙ,

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті

«Журналистика» кафедрасының 2-курс студенті:

- XXI ғасыр – құбылмалы, бүгінгі күнімізбен беймәлім болашаққа бастап келе жатқан кезең. Технологияға айрықша маңыз беріліп отырған бүгінгі заман жастарының өмірлік ұстанымы қандай екені өте қызық.

Қазіргі өмір сүріп жатқан кезеңде сөз сөйлеп, ойынды ашық жеткізіп, идеялар ойлап тапқан адамдардың мәртебесі жоғары болатыны һақ. Бүгінгідей жаһандану заманында көп тіл білген адамның ала алмайтын асуы жоқ болар. Жас буынның арасында өз тілімен қатар өзге тілде де еркін сөйлеп, шетелді мойындатып жүргендер де қаншама.

Қазақстанда қазіргі кезде ағылшын тілін меңгеруге барлық жағынан толық мүмкіндік бар, үйренем деген жанға. Дегенмен көпшілік қазақ тілінен, ана тілінен оңайы жоқ деп үйренуге қиынсынады, мұны еріншектік деуге келеді.

Бірақ ағылшыншаға судай, жетік сөйлейтін қандасыңды көрсең, көзің тойып, бір марқайып қаласың. Қазіргі уақытта ақылы түрде жүргізілетін, шет тілдерін үйрететін әртүрлі курстар бар. Оның өзі – пайдалана алған адамға қаншама мүмкіндік.

Ағылшын тілін үйрену студенттерге немесе қалалық мектептегі балаларға жеңіл. Ал ауылдық мектептерде бұл – өзекті мәселе.

Көбіне ауыл шалғай болғандықтан алыссынып, мамандар келуден бас тартады немесе білім беру сапасы төмен. Жалақы үшін келіп-кетіп жүрген мұғалімдер де жоқ емес.

Мен мектеп қабырғасында оқып жүргенде ағылшын тілі пәнінің мұғалімдерінің аты-жөндерін жаттап үлгере алмайтынбыз. Бас кезінде сабақ беру қарқыны жақсы болып ұнағанымен, уақыт өте бәсеңдей беретін.

Бір келіп, бір келмей, оның үстіне жолдан шаршаған болуы керек, әйтеуір, жарытып сабақ өтпейтін едік. Ол кезде бала болғандықтан сабақтың болмағанына қуанып, үйге асығатын едік. Ал қазір бұл жылайтындай жағдай екенін көруге болады.

Өткен жылы, 1 курсқа енді аяқ басып, оқып жүргенде ағылшын тілі сабағына мүлдем барғым келмей, қашатынмын. Тобымдағы студенттердің ағылшын тілін білу деңгейлері менен біршама жақсырақ болғандықтан, артта қалатынмын. Оның үстіне мінезім тұйық, ұяң едім. Сол үшін оқытушыдан үнемі ескерту алатынмын. Сол кезде ең өкінген кезім болды, бірақ әлі де кеш емес екенін түсінетінмін.

Қазіргі таңдағы менің мақсатым – ағылшын тілін меңгеру. Бұл мақсатыма сөзсіз жететініме сенемін.

Асар ЕРБҰЛАН,

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті

«Журналистика» кафедрасының 2-курс студенті:

- Қай кездің жастары қашан қандай идеялармен «ауырды», олардың трендіндегі мәдени-әлеуметтік немесе субмәдени құбылыстар, ең басты басымдықтар, жалпы мағыналық идеалдары, кеңінен қолдау тапқан жаңаша жөн-жоралғылар, неге алаңдады, нені қажетсінді т.б. тәрізді шоғыр-шоғыр сауалдар қазіргі жастардың бейнесін ашудың көрсеткіші бола алады.

Мұндағы негізгі өлшем – құндылықтар жүйесі. Әр ұрпақтың өз түсінік-көзқарасы бар екенін ешкім жоққа шығара алмайды.

Бүгінгі жастар өміріндегі қалыптасқан жағдайға тәуелді түрде дәстүрлі орныққан этноқұндылықтар рөлі әлсіреп барады. Отбасын құру жасы да әртүрлі әлеуметтік және өмірлік мұраттарды қайта бағамдау факторлары ықпалынан ұлғайып жатыр.

Жастардың көбін жұмыссыздық мәселесі мазалайды. Себебі бүгінгі күні елімізде жұмыссыздық деңгейі ұлғаюда. Осы мәселе шешілсе, елімізде жастардың жұмыс жасауға деген құлшынысы мен өмір сүруі жақсарады.

Ақбота ҚАБДҰЛМӘЖІТ,

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті

«Журналистика» кафедрасының 2-курс студенті:

- Жастарды не толғандырады деген мәселеге келсек, қазіргі жастар қоғамдағы мәселелерге қатты алаңдайды. Әсіресе, бүгінгі мамандардың жұмыстарына көңілдері толмайды. Мұның барлығы білікті маман даярлауда ұстаздардың және оқу орындарының өз істеріне салғырт қарауы деп біледі.

Кейбір оқу орындарында студенттер сабақтарға қатыспай, емтихандарын қаржы беріп, жауып жатады. Сондықтан қазіргі **(Соңы 7-бетте).**

(Басы 6-бетте).

жастар өз мамандықтарын жақсы меңгеруге көңіл бөлсе екен деймін.

Жастарды толғандыратын келесі мәселе – жұмыссыздық пен баспана және қолжетімді білім мазалайды. Шетелге қарасақ, олар халқы үшін жұмыс істейді. Халқының дамуына, білім алуына, жұмыспен қамтылуына жұмыс жасайды. Сондықтан кейбір жастар шетелге көшіп, сонда тұрақталып қалуға тырысады.

Дана МҰХАМЕТЖАНОВА,

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті

«Журналистика» кафедрасының 2-курс студенті:

- Аға ұрпақтың өткен өмірі бүгінгі жастарға қарағанда жақсы болды. Сол себепті олар өз өмірінде күйзеліске аз ұшырады және уақыт баяу өтті.

Тағы бір себеп, бұрын бәсекелестік аз болған. Бүгінгі таңда жоғары сынып оқушылары мен студенттердің сабақ кестесі тығыз. Сондықтан басқа сабақтарға уақыт өте аз қалады.

Менің ойымша, қазіргі жастардың күйзеліс деңгейі өте жоғары. Ең жағымсыз жағы – соның салдарынан жастардың жаман әдеттерге бой алдыруы.

Бірнеше ондаған жыл бұрын мектепте оқу соншалықты қарқынды болған жоқ. Сондықтан жаман нәтиже бермеді. Сол күндері әртүрлі бастамалар көп болған жоқ. Оқу орындарының рейтингіне көп көңіл бөлінбеді және т.б.

Бәсекелестік жоғары жағдайда жастарға шешім қабылдау қиынға соғады. Өйткені олар әртүрлі мүмкіндіктерге қол жеткізе алады. Осылайша, болашаққа қатысты белгісіздік артып келеді.

Дегенмен, бүгінгі жастар алдыңғы буын жастарынан кем емес екендігімен дауласуға болмайды. Бүгінгі жастар әлдеқайда үлкен қысымға ұшырайды. Қысым негізінен ата-аналардан, сондай-ақ қоршаған ортадан және әлеуметтік желілерден келеді. Үлкен шиеленіс жастардың өз үміттері мен басқалардың үміттерін ақтау қажеттілігі сезімін тудырады.

Бүгінгі таңда жастар білімге және ақпараттың саналуан түрлеріне бұрын-соңды болмаған дәрежеде тез қол жеткізе алады. Интернет білімнің барлық салаларында орасан мол ақпарат береді. Алайда, көптеген жастар интернеттің мүмкіндіктерін өзін-өзі жетілдіру үшін пайдаланбайды, бірақ әртүрлі әлеуметтік желілерде бос уақытты өткізгенді жақсы көреді. Менің ойымша, бұл дұрыс емес, өйткені бұл біртіндеп дағдарыс пен тәуелділікке әкеледі.

Менің ойымша, жастар өз болашағын жақын және алыс болашаққа жоспарлауды үйренуі керек. Бұл сіздің болашағыңыз туралы үнемі алаңдау керек дегенді білдірмейді, бірақ ол туралы ойламау да мүмкін емес.

Жастар көркем және ғылыми әдебиеттерді оқуды, сондай-ақ ойлау қабілетін жақсартатын сабақтарды жүйелеуді назардан тыс қалдырмауы керек.

Альбина ТҰРҒЫНБЕКОВА,

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті

«Журналистика» кафедрасының 2-курс студенті:

- Мемлекет – жастарға барлық мәселеде қолдау білдіріп, мүмкіндіктер жасауда. Білім жүйесінде де гранттардың саны артқаны, шетелде оқуға жастардың қолжетімділігі, яғни қайда барып білім аламын, тәжірибе жинақтаймын десең де, бәрі өзіңе байланысты екендігі белгілі.

Жастар ұйымдары мен құрылымдары да қызмет етуде. Оқы, ойыңдағы сәтті идеяларыңды іске асыр. Қанша жерден өз еліңе көңілің толмаса да, Қазақстандай елді ешқайдан іздеп таппайсың.

Кезінде Ғабит Мүсірепов: «Өз туған еліңнен артық ел де, жер де жоқ», - деп басып айтқан. Бірақ «Келеңсіз жайлар қайдан шығуда, бұрын бәрі дұрыс еді», - деу тағы да дұрыс болмас. Үлкен өзекті, қажетті мәселелер тек қағаз жүзінде қалып, шынайы келбетін таппауының өзі ірі олқылық.

Уақыт алға жылжыған сайын жауаптар ғана емес, қойылар сұрақтар да ескіріп, қажетсізге айналады. «Бүгін былай еді, ертең неге өзгеше болды?» деп шүйлігуге болмайды. Сондықтан үнемі жаңаруды қажет ететін мәселенің ең бастысы – жастар. Жастардың құрамы да үнемі өзгеріп отырады.

Бүгінгі он үш жасар жас жеткіншек келер жылы жастар қатарына қосылады. Ал оларды бейімдеу мәселесі тіптен жолға қойылмаған.

Университеттік ғылымды дамытудың жаңа тетіктерін қалыптастыруымыз керек

2023 жылдың 6 қаңтарында Премьер-Министрдің орынбасары Алтай Көлгіновтің қатысуымен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің кеңейтілген алқа отырысын өткіздік.

Сондай-ақ, жиынға Президент Әкімшілігі, Парламент, жоғары оқу орындарының ректорларының өкілдері, Министрліктің ҒЗИ және ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшылары, ғылым қайраткерлері мен азаматтық қоғам өкілдері қатысты.

Отырыс барысында Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасын іске асыру аясында өткен жылдың қорытындысын шығарып, ағымдағы 2023 жылға арналған міндеттерді айқындадық.

Мәселен, биыл жоғары білім беру саласында Министрлік 7 басым бағыт бойынша белсенді жұмысын жалғастырады:

- Студенттер санын ұлғайту және жоғары білімнің қолжетімділігі;

- Озық кадрлық қамтамасыз ету жүйесі;

- Жоғары оқу орындарының цифрлық архитектурасын дамыту;

(Соңы 8-бетте).

(Басы 7-бетте).

- Жоғары білім беруді интернационалдандыру;
- Корпоративтік басқару жүйесін одан әрі дамыту;
- Жоғары оқу орындарының инфрақұрылымын дамыту;
- Білім беру сапасын қамтамасыз етудің ұлттық моделі.

Өткен жылы министрлік отандық ғылым саласын қолдау бойынша ауқымды жұмыстар атқарды.

Бұл ретте кадрлық әлеуетті дамыту және отандық ғалымдарды қолдау мәселелеріне ерекше назар аударылды:

- ғалымдардың жалақысы 2 есеге ұлғайды;
- ғылымды қаржыландыру 70%-ға ұлғайды;
- жас ғалымдар мен постдокторанттарға 1000-нан астам грант бөлінді;
- әлемнің жетекші ғылыми орталықтарында халықаралық тағылымдамадан өтуге 500 грант бөлінді.

Атқарылған жұмыстар аз емес. Алайда, нақты нәтижелерге қол жеткізу үшін, одан сайын көп жұмыс атқару керек.

Ғылым саласындағы реформалардың негізі әлемнің көптеген дамыған елдерінде өзінің тиімділігін дәлелдеген ашық модельге көшу болмақ.

Сонымен қатар біз ҒЗТКЖ-ға жеке инвестициялардың өсуін ынталандырудың және университеттік ғылымды дамытудың жаңа тетіктерін қалыптастыру, сондай-ақ Ұлттық Ғылым Академиясының рөлін арттыру және ҚР Президенті жанындағы Ғылым мен технологиялар жөніндегі ұлттық кеңес құружұмысын жалғастырамыз.

Тіл саясатын жүзеге асыру шеңберінде алдағы жылы министрлік:

- 2023-2028 жылдарға арналған тіл саясатын іске асыру жөніндегі тұжырымдама жобасын әзірлеуді;
- тілдік кемсітушілікке жол бермеу мәселесі бойынша НҚА-ға толықтырулар енгізуді;
- өңірлік семинарлар өткізу және азаматтардың тілдік белгілері бойынша құқықтарына нұқсан келтірмеу туралы әдістемелік ұсынымдар әзірлеуді жоспарлап отыр.

Мемлекет басшысының сайлау алдындағы платформа шеңберінде көзделген барлық тапсырмалары 2022-2026 жылдарға арналған Білім беруді дамыту және ғылымды дамытудың тұжырымдамасында, сондай-ақ министрліктің алдағы кезеңге арналған даму жоспарында байланыстырылды.

Қойылған міндеттерді сапалы іске асыру үшін министрлік бар күш-жігерін жұмсайды деп сендіргім келеді.

Біз мемлекетіміз – Қазақстанның өркендеуі үшін сапалы нәтижелерге қол жеткізуге бағыт алдық!

Саясат НҰРБЕК,
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі.

Отандық ғылым мен жоғары білімді жүйелі деңгейде дамытамыз

Біз үшін отандық ғылым мен жоғары білімді жүйелі деңгейде дамытудың маңызы өте зор: ғалымдар мен педагогтардың жалақысын арттыру, беделді шетелдік университеттердің филиалдарын ашу, жатақхана орындарымен қамтамасыз ету, жоғары оқу орындарының инфрақұрылымын жетілдіру, өз кадрларымызды дайындау және т.б.

Ғылым және жоғары білім министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында өзекті мәселелер, 2023 жылға арналған жоспар талқыланды.

Кейбір мәселелерге қысқаша тоқталып өтейін:

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жоғары білімнің қолжетімді әрі сапалы болуы жолында жұмыс істейміз. Ол үшін гранттар санын, педагогтердің жалақысын, студенттердің стипендиясын арттырамыз.

Сол сияқты ЖОО-да оқу ақысына жеңілдікті несиелер беру, студенттердің әлемдік цифрлық кітапханаларға тегін қолжетімділігін қамтамасыз ету және т.б. мәселелер пысықталу үстінде.

Беделді шетелдік университеттердің 5-ке тарта филиалын, оның ішінде техникалық бағыттағы ЖОО-ның екі филиалын ашу жоспарланып отыр.

Сондай-ақ ЖОО-ларды заманауи зертханалармен қамтамасыз ету, кітапхана қорларын жаңарту, педагогтердің біліктілігін арттыру қажет. Бұл жоспарларды орындау үшін академиялық шеберлік орталықтарын ашу мақсатында 20 жоғары оқу орны таңдалды.

Аталмыш орталықтар 2023 жылы үш университетте ашылады.

Ғылымға қолдау көрсету бойынша – қаржыландыру көлемі 70%-ға ұлғайды, ғалымдардың жалақысы 2 есеге артты, жас ғалымдарға мыңнан астам грант бөлінді, Ұлттық ғылым академиясына мемлекеттік статус берілді, 11 ғылыми-зерттеу институтын тікелей толық қаржыландыру енгізілді.

Биыл қолданбалы ғылымды қаржыландыру көлемін кезең-кезеңмен ұлғайту көзделген. Оның ішінде бизнеспен ғылыми зерттеулерді бірлесе қаржыландыру есебінен мамандандырылған инжинирингтік орталықтар, жетекші жоғары оқу орындары мен ірі кәсіпорындардың жанындағы ғылыми-технологиялық парктер дамитын болады.

Ғылымды тиімді дамыту үшін мүдделі тараптардың бәрі, оның ішінде бизнес те барынша жұмылдырылатын болады. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бизнестің ғылымды дамытуға араласуын ынталандыру мақсатында жеке инвестициялар үшін қосымша салық және инвестициялық преференциялар енгізілетін болады.

Алтай Сейдірұлы КӨЛГІНОВ,
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары.

Торжественное открытие филиала Института истории и этнологии имени Чокана Валиханова

В ходе празднования 85-летнего юбилея Северо-Казахстанского университета имени Манаша Козыбаева состоялось торжественное открытие филиала Института истории и этнологии имени Чокана Валиханова в г. Петропавловск. На открытии филиала выступила Козыбаева Махаббат Маликовна - директор филиала Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова в г. Астана, доктор PhD. Она отметила, что открытие филиала в г. Петропавловске очень знаменательно для Института и актуально для дальнейшего развития исторической науки Казахстана. В своем выступлении она отметила значимый вклад историков региона в работе Региональной комиссий, публикации на Портале Государственной комиссии по реабилитации жертв массовых и политических репрессий, поделилась дальнейшими планами и перспективами сотрудничествами с региональными вузами Северного Казахстана. В честь открытия филиала в Петропавловске и в рамках его укрепления научно-библиографической базы Институт передал большое количество книг, многие из которых являются новыми монографиями, сборниками документов недавно завершившихся научных Проектов исследователей Института истории и этнологии им. Ч.Валиханова.

На торжественном открытии выступил также кандидат исторических наук, директор филиала Института истории и этнологии имени Чокана Валиханова в г. Петропавловске - Абуов Нурболат Аскерович. Он подчеркнул, что созданный филиал осуществляет и будет развивать свою работу в следующих направлениях как: подготовка материалов Региональной комиссий для публикации на Портале Госкомиссии в базе данных жертв политических репрессий; публикация сборников документов, монографий, проведение конференций по согласованию и по заданию Института; проведение фундаментальных и прикладных исследований с учетом специфики истории Северного Казахстана через участия в научных конкурсах МНиВО РК и других. На данный момент Филиал совместно с головным Институтом, учеными Северо-Казахстанского университета подал 1 заявку конкурс грантового финансирования научных проектов на 2023-2025 гг.

Торжественное мероприятие по открытию филиала в Петропавловске завершилось в рамках I Қызылжарского Форума, на котором своим научными планами и достижениями поделились историки региона и гости Форума.

Читайте новости Kozybayev University первыми на сайте ku.edu.kz

Кафедра «Экономика и учет»
Краткая справка

Кафедра «Экономика и учет» была организована в 1982 году. За 30 лет функционирования кафедры было подготовлено более 1000 специалистов экономического профиля. Кафедра ведет набор обучающихся по следующим образовательным программам:

6B04101 Экономика

6B04107 Экономика в бизнесе

6B04105 Учет и аудит

6B11102 Туризм

Научная жизнь кафедры

ППС и обучающиеся кафедры активно участвуют в научно-исследовательской деятельности. Так, в 2022 году 36 студентов кафедры приняли участие в республиканских и международных научных олимпиадах и конкурсах, где заняли призовые места. Обучающийся кафедры Абуталипов Д.О., как молодой ученый, выиграл грант ректора СКУ им. М. Козыбаева.

Учебная жизнь кафедры

Кафедра «Экономика и учет» единственная среди кафедр факультета ведет подготовку по всем уровням послевузовского образования - по 2 образовательным программам магистратуры («Экономика», «Государственное администрирование») и 1 образовательной программе докторантуры («Экономика»), что позволяет обучающимся повысить базовое высшее образование.

На кафедре действует Центр сертифицированного обучения 1С: Предприятие, дающий возможность студентам получить дополнительные профессиональные компетенции. В 2022 году прошли обучение и получили сертификаты 16 слушателей.

Преподаватели кафедры ежегодно повышают свои профессиональные компетенции, в 2022 году 14 преподавателей кафедры прошли курсы повышения квалификации по 9 направлениям подготовки, в том числе проводимые иностранными профессорами («Психология управления», «Основы теории и практики педагогической деятельности», лектор курсов доктор социальных наук, профессор Университета имени Миколоса Ромериса, Литовская Республика,)

В 2022 году 13 выпускников кафедры получили дипломы с отличием. Более 90% выпускников кафедры трудоустроены по специальности, общий процент трудоустройства составляет 100.

Спортивная жизнь кафедры

Преподаватели и обучающиеся кафедры активно участвуют в спортивной жизни университета и региона, так студент кафедры Амангельдинов Султан занял 3 место в республиканском турнире среди молодежи по греко-римской борьбе.

ОФ «МЕЖДУНАРОДНАЯ АКАДЕМИЯ НАУК ПЕДАГОГОВ и ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ ДЕТЕЙ»

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘРБИЕШІЛЕР мен ЗИЯТКЕРЛІК БАЛАЛАР ҒЫЛЫМДАР АКАДЕМИЯСЫ» ҚҚ

ДИПЛОМ

I СТЕПЕНИ

награждается

Дюсембекова Гаухар Садаковна

студент (ка) 1 курса, специальность «Туризм»

НАО «Северо-Казахстанский университет имени М. Козыбаева»

города Петропавловск

Руководитель: Кузьменко Юлия Викторовна

III Республиканская предметная олимпиада для студентов по краеведению (2 сезон)

Директор ОФ «МАНПиИД» Нурманалиев Н.Э.

Рег. №А031

05.04.2022 г.

Достижения KOZYBAEV UNIVERSITY за предыдущий год

Какие достижения есть в вузе за 2022 год?

В первую очередь, хотелось бы отметить достижения по нескольким направлениям:

В определенный период, в среднем один раз в 5 лет, каждый вуз проходит процедуру аккредитации, что подтверждает знак качества образования. Наш университет в этом году подтвердил такой знак качества по 61 образовательной программе, из них технические программы прошли международную аккредитацию ASIIN (информационные системы, энергетика, радиотехника, электроника и телекоммуникации).

В этом году мы впервые выдали дипломы собственного образца докторам PhD

по программам: 6D075100 Информатика, вычислительная техника и управление, 6D070400 Вычислительная техника и программное обеспечение, 6D071900 Радиотехника, электроника и телекоммуникации, 6D071200 Машиностроение, 6D071800 Электроэнергетика.

Поднимается статус нашего университета на международном уровне:

- Совместно с Британским советом запустили проведение экзамена IELTS на базе СКУ ежемесячно. Такую возможность имеют только 6 городов Республики, в том числе теперь и наш город.

- запустили 7 международных программ, разработанных совместно с университетом Аризоны

- Совместно с Посольством Турции в Республике Казахстан и Посольством США в РК БЕСПЛАТНО проводятся курсы турецкого и английского языков носителями языка для студентов и сотрудников университета.

Как проходит сотрудничество с университетом Аризоны? Сколько студентов, какие специальности, какие условия обучения? Сколько иностранных преподавателей?

Форма сотрудничества с Университетом Аризоны – стратегическое партнерство, в рамках которого предусмотрено продвижение и признание нашего университета на международном пространстве и реализации наших стратегических целей.

В этом году запустили 7 международных программ, в том числе две двудипломные программы по информационным системам и биотехнологии. Сейчас обучается 155 студентов по данному проекту, все за счет грантового финансирования. На двудипломных программах обучение ведется на английском языке. Особенность двудипломной программы – студенты имеют возможность пройти обучение 1 семестр в Университете Аризоны на выпускном курсе, при успешном завершении обучения студенты получат два полноценных диплома. В проекте работают как местные преподаватели, в том числе получившие образование за рубежом, так и преподаватели университета Аризоны.

Когда завершится строительство нового корпуса? Какие там будут лаборатории, оборудование?

В настоящее время идет доукомлектовка лабораторий нового Учебно-лабораторного корпуса. Данный комплекс преподполагает более 60-ти новых лаборатории. В том числе 20 – инженерных, 20 – естественно-научных и агротехнологических, 10 – медицинского направления лаборатории.

Какие специальности сейчас самые востребованные у студентов? Какой процент трудоустройства?

По трудоустройству в Республике мы занимаем первое место. По данным Атамекен, если средний процент трудоустройства в Казахстане составляет 77,7%, то у нас - 85%.

Одним из востребованных направлений являются: технические науки и технологии, естественный науки и технологии, сельскохозяйственные и гуманитарные науки.

Что сегодня представляет собой высшая школа, и СКУ, в частности?

Университет уделяет внимание качеству образования и подготовке конкурентных специалистов.

- Университет продолжает реализацию практико-ориентированного подхода в обучении. Внедрена профессиональная сертификация во время обучения. Например, по программе «Учёт и аудит» студенты имеют возможность получить сертификат 1С бухгалтерия в Сертификационном Центре СКУ.

Обучающиеся Агротехнологического факультета имеют возможность получить международный сертификат по вакцинации сельскохозяйственных животных и птиц в сертификационном центре совместно с французской компанией «CEVA SANTE ANIMALE». Сертификаты по системам питания и

(Продолжение на 13-стр.).

(Начало на 12 стр.).

средств защиты растений.

В 2022 году 12 студентов Агрофакультета прошли практику и профессиональную сертификацию в биохозяйствах Германии. Студент АФ победил в республиканском конкурсе на знание сельхозтехники Джондир.

Обучение ориентировано на студентов. Подготовка ведется на высоком уровне, что вузы направляют к нам своих студентов в рамках академического обмена. Например, сейчас 6 магистров топового аграрного университета Китая проходят обучение по академ мобильности.

В рамах академической мобильности 4 известных ученых мира, из Италии, США, Турции и Литвы, проводили занятия для студентов нашего университета и продолжают проводить исследования с нашими учеными.

Например, пересмотрен формат дисциплины физическая культура.

Параллельно проводится большая работа по обновлению ОП педагогических направлений. В рамках реализации проекта Министерства науки и высшего образования РК «Модернизация среднего образования» совместно с финским университетом ХАМК и Назарбаев Университет, цель которого обновление модели педагогического образования, 6 преподавателе СКУ имени М. Козыбаева участвуют в его разработке и проводят исследования по направлению «Педагогическая практика в школах» на уровне Республики.

Как вузы выстраивают свою работу в соответствии с требованиями рынка труда? Как профессии сегодня востребованы?

Во-первых, необходимо честно признаться, что существует проблема запроса рынка труда и предложения образовательного рынка. Запросы рынка труда требуют быстрого реагирования университета на подготовку кадров, учитывая, что изменения просисходят сейчас, а специалиста мы выпускаем через 4 года или 5 лет.

Для развития этого направления ведется тесная работа с работадателями, в этом году был впервые проведен форум работодателей на базе нашего вуза, где обсуждались основные вопросы связи теории и практики. Для эффективной подготовки специалистов педагогического, направления ведется тесная работа с управлением образования СКО.

Наши работодатели принимают участие в образовательном процессе – начиная с совместной разработки образовательных программ, при поступлении в университет, преподавании, ведение и оценка практики студентов, участие в итоговой аттестации, трудоустройства.

Какие научные проекты сегодня реализуются в вузе? Сколько получили государственное финансирование МОН РК? Общий объем финансирования?

В 2022 году реализуется 17 научных проектов, получивших государственное финансирование МНВО РК, что на 41,6% больше предыдущего года. Увеличился общий объем финансирования на 2022 года по сравнению с прошлым годом на 33,7% и составил - 161 602 128 тенге.

По каким основным направлениям ведутся исследования?

На сегодня в нашем университете ведутся исследования, востребованные в нашем регионе. Это такие направления как: сельское хозяйство, химическая промышленность, охрана окружающей среды и здоровья населения, рациональное использование природных ресурсов, машиностроение. Например, очистка вод различного назначения, биологическая очистка водоемов – иными словами очистка воды без химикатов. Больше года наши ученые работают над экологической очисткой биопруда, как результат работы была значительно снижена концентрация сероводорода, выделяемая биопрудом.

Какие проекты являются наиболее значимыми и перспективными для региона?

Сельское хозяйство: «Разработка технологий содержания, кормления, выращивания и воспроизводства в молочном скотоводстве на основе применения адаптированных ресурсо-энергосберегающих и цифровых технологий для различных природно-климатических зон Казахстана» - Для интенсивного роста телят, набора веса за счет ввода в их питание заменителя цельного молока на растительной основе.

Химия и химическая промышленность: «Создание модифицированных лакокрасочных материалов антикоррозионного, термостойкого, химстойкого и гидроизоляционного назначения с использованием поверхностно-активных веществ широкого спектра действия» - для повышения свойств лакокрасочных материалов с добавлением ПАВ при обработке изделий от ржавщины, повышения водоотталкивающих свойств и т.д. «Разработка и внедрение новой энергоэффективной технологии лазерно-плазменного изготовления высокопроизводительного глубинно-насосного комплекса добычи углеводородов на малодебитных нефтегазовых скважинах с рекуперативным приводом» - для повышения производительности и долговечности нефтяных насосов в агрессивной среде.

Подводим итоги уходящего года…

Завершение определенного периода характеризуется окончанием комплекса процессов и действий, направленных на достижение целей и получения результатов. Обучающиеся кафедры «Финансы и менеджмент» стремятся всегда и во всем достигать успехов, добиваться отличных показателей, что находит отражение в полученных ими дипломах, грамотах и иных формах признания.

2022 год прошел достаточно плодотворно в плане проведения научных исследований, участия в различных конкурсах, олимпиадах и спортивных мероприятиях.

В период с 28 февраля по 5 марта студенты группы МЕ-19 Аманжол А., Апергенова А., Булкаирова К., Жанабаева М., Тасимова Д. впервые приняли участие в Международном кейс-чемпионате Case4Success от Ассоциации выпускников университета "Туран" — "Туран-Зерде" по решению кейса по компании «BURGER KING» в Казахстане, направление маркетинг-менеджмент. По результатам конкурсного отбора организаторами отмечена хорошая аналитическая работа команды по прогнозированию маркетингового бюджета компании в Казахстане и исследованию предпочтений потенциальных потребителей на материалах г. Петропавловска.

В апреле будущие финансисты сумели дойти до четверти финала, где встретились с командой Московского Государственного Университета в рамках онлайн конкурса по международному налогообложению, организованной МГУ (Резникова Т., Амелина А., Болатова К.).

В апреле студенты кафедры участвовали в XII Евразийском экономическом форуме молодежи, проходившим в г. Екатеринбург (РФ). Научные проекты наших студентов Жалтуровой А., Амелиной А. (ОП «Финансы») и Айсина О. (ОП «Менеджмент») попали в число 123 финалистов из более чем 450

конкурсантов и были приглашены для очной защиты своих проектов в дни проведения форума в УрГЭУ. Были награждены дипломами 1 и 2 степени.

Начало мая отмечено победителями III Республиканской дистанционной олимпиады среди студентов 3-4 курсов по специальности «Менеджмент», проведённой Научно-образовательным центром «Inn & Science Asia» в индивидуальном зачете: Аманжол Аружан – 1 место, Жанабаева Мадина и Тасимова Диана - 2 место!

В мае первокурсники приняли активное участие в Первенстве университета по плаванию. Наши студенты вошли в состав сборной команды факультета по плаванию и заняли почетное 2 место. В личном зачете Дипломами 2 степени награждена Ибраева Зарина, студентка 1 курса ОП «Менеджмент» (группа Ме-21). Среди юношей в личном зачете победу одержали Кряжок Данил и Янин Илья (группа Ме-21), получив Дипломы 1, 2 и 3 степени.

Дипломом 1 степени Международного конкурса в номинации научно-исследовательский инсайт награжден Айсин О., студент 3 курса специальности «Менеджмент» со своей работой на тему «Финансовые аспекты принятия управленческих решений в обеспечении экономической безопасности хозяйствующего субъекта».

В июне, в результате отборочного этапа Международной Олимпиады по финансовой безопасности на базе Университета Туран в г. Алматы, наши студенты получили уникальную возможность прохождения бесплатной стажировки в Подразделении финансовой разведки Агентства Республики Казахстан по финансовому мониторингу в г. Нур-Султан.

По итогам 2021-2022 учебного года обучающимся ОП «Менеджмент» и ОП «Финансы» были назначены:

1) грант Председателя-Правления

(Продолжение на 15-стр.).

(Начало на 14-стр.).

Ректора: Мартенс И, студентке группы Ме-22

2) гранты академика Манаша Козыбаева: Резникова Т., студентка группы Фс-19, Умурзаков И., студент группы Фс-21.

Обучающийся 4 курса ОП «Менеджмент», победитель олимпиад, конкурсов научно-исследовательских работ, студенческий декан факультета истории, экономики и права, Айсин Олжас одержал победу в республиканском конкурсе на соискание премии Фонда Нурсултана Назарбаева, среди 293 претендентов, подавших заявки.

В начале ноябре состоялся конкурс для молодежи "Новый Казахстан", организованный по социальному проекту Совета общественного согласия. По итогам конкурса проект студентки 2 курса ОП «Финансы» Смаиловой Дариги на тему "Мекенім Қазақстан" занял Первое место. В ее планах реализовать проект уже в предстоящем году. А в конце ноября в Национальном Художественном университете г. Астана состоялась церемония награждения победителей конкурса "ЛУЧШИЙ СТУДЕНТ- 2022". Обладателем Диплома 2 степени и медали "Лучший студент" стала студентка 2 курса ОП " Финансы" Смаилова Дарига.

28 ноября 2022 г. состоялись соревнования по настольному теннису среди студентов СКУ им. М. Козыбаева, по итогу которых Студентка группы Фс-21қ Марат Сабина, обучающаяся по ОП «Финансы», заняла 1 место.

Также, в ноябре, в честь Дня национальной валюты, в рамках празднования 30-летия университета «Туран», кафедра «Финансы» провела Международную онлайн олимпиаду среди студентов ОП «Финансы» «Финансы современности 360°». По результатам защиты проектов общим решением жюри наша команда в составе 3 студенток 3 курса ОП «Финансы» - Михель А., Самусенко Я., Белоконь А. была награждена Дипломом III степени.

Наши финансисты не только отлично учатся, но еще и обладают отличными вокальными данными. Победительницей конкурса "Зажги свою звезду" (областной вокально-хореографический конкурс «Qyzyljar stars»), посвящённый 85-летию университета, стала студентка 3 курса Анастасия Михель. Анастасия очень разносторонний человек: обладательница образовательного гранта по ОП "Финансы", отлично учится, активно занимается общественной и творческой деятельностью.

Хотелось бы отметить, что наши студенты и магистранты кроме обучения, активно вовлечены в общественную жизнь города и области, социальные проекты, волонтерскую деятельность. В честь Международного дня добровольцев благодарственным письмом руководства областной полиции поощрен наш магистрант Какимов Жанат.

И это только небольшая, но самая яркая часть достижений наших студентов. За всеми успехами скрыт огромный труд педагогов кафедры, направленный на системную работу в рамках деятельности научных кружков, раскрытию и реализации творческого потенциала, и поддержанию спортивной соревновательной среды.

Наиболее полная информация о достижениях наших обучающихся отражена на страничках кафедры в социальных сетях: https://www.instagram.com/kafedrafinancemanagment/, https://www.facebook.com/FIMSKU/.

Старший преподаватель кафедры «Финансы и менеджмент» Фоот Ю. В.

«ПАРАСАТ»
газеті

МЕНШІК ИЕСІ:
«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

БАСПАГЕР:
«М. Қозыбаев ат. СҚУ» КЕАҚ тарих, экономика және құқық факультетінің «Журналистика» кафедрасы.

БАС РЕДАКТОР:
Мырзантай Жақып.

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР:
Гүлшара Мұхаметжан.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
15000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Мағжан Жұмабаев көшесі, № 6 оқу ғимараты, 215 кабинет, «Парасат» редакциясы.

Қайта есепке қою туралы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2021 ж. 19 қарашадағы №KZ73VPY00042947 куәлігі берілді.
Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын әрдайым көрсете бермейді.
Газет ай сайын шығады.
Таралымы: 10 дана.
Тапсырыс №2.

Газета
«ПАРАСАТ»

СОБСТВЕННИК:
Некоммерческое акционерное общество «Северо-Казахстанский университет имени Манаша Козыбаева».

ИЗДАТЕЛЬ:
Кафедра «Журналистика» факультета истории, экономики и права НАО «СКУ им. М. Козыбаева».

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:
Мырзантай Жакып.

ВЫПУСКАЮЩИЙ РЕДАКТОР:
Гүлшара Мұхаметжан.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:
150000, Северо-Казахстанская область, город Петропавловск, улица Магжана Жумабаева, дом 114, учебный корпус № 6, кабинет 215, редакция «Парасат».

Свидетельство о постановке на переучёт №KZ73VPY00042947 выдано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан от 19 ноября 2021 г.
Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.
Газета выходит 1 раз в месяц.
Тираж: 10 экземпляров.
Заказ №2.

Читайте новости Kozybayev University первыми на сайте ku.edu.kz

Қымбатты оқырмандар!

Құрметті Kozybayev University оқытушылар, студенттер мен қызметкерлері, сіздерді ынтымақтастыққа шақырамыз. Бізге жоғары сапалы фотосуреттермен суреттелген қызықты және көрнекті адамдар, өзекті оқиғалар туралы әңгімелер, өзекті тақырыптарға материалдарыңызды жіберіңіздер.

Дорогие читатели!

Уважаемые преподаватели, студенты, сотрудники Kozybayev University, приглашаем вас к сотрудничеству. Присылайте нам свои истории об интересных и выдающихся людях, актуальных событиях, материалы на злободневные темы, проиллюстрированные качественными фотографиями.